«8D01605 – Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындалған диссертация жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Б.С.Тұрлыбайдың «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын тарихи-педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан кешенді зерттеуге арналған. Диссертациялық жұмысының құрылымы логикалық жүйелілігімен, мазмұндық тұтастығымен және қойылған зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігімен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Бірінші бөлімде XX ғасырдың басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту ісі дамуының негізгі тенденциялары қарастырылған. Атап айтқанда, мектеп ісін ұйымдастыру, балаларды оқуға тарту, оқу орындарын мұғалімдермен және оқулықтармен қамтамасыз ету мәселелері тарихи деректер негізінде талданған. Сонымен қатар «Қазақ» және «Айқап» басылымдарындағы жәдидшіліктің ағартушылық идеяларының таралуы мен оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына ықпалы ғылыми тұрғыдан зерделенген. Бөлімнің ғылыми маңызы – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы білім беру мен ағарту ісінің даму бағыттарын ұлттық мерзімді баспасөз материалдары негізінде жүйелеп, тарихи-педагогикалық тұрғыдан пайымдауында. Практикалық тұрғыдан алынған тұжырымдар Қазақстан тарихы пәнінде ұлттық баспасөз материалдарын тарихи дерек ретінде пайдаланып, білім алушылардың сол кезеңдегі қоғамдық-мәдени үдерістер туралы түсінігін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Екінші бөлімде аталмыш кезеңдегі мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері тарихи-педагогикалық тұрғыдан қарастырылған. Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарындағы оқу-ағарту мәселелерінің тарихи-педагогикалық аспектілері, олардың тәлім-тәрбиелік мазмұны мен мәні айқындалған. Сондай-ақ ұлттық баспасөз материалдарында көрініс тапқан білім беру идеяларын қазіргі білім беру мазмұнымен сабақтастыра қарастырудың әдістемелік қырлары сараланған. Бөлімнің ғылыми маңызы мен практикалық маңызы жоғары. Мерзімді баспасозде жарияланған ағартушылық идеяларды тарихи-педагогикалық тұрғыдан талдап, олардың ұлттық тәрбие, білім беру және қоғамдық сананы қалыптастырудағы орнын негіздеуінде. Практикалық маңызы – зерттеу нәтижелерін тарих пәнінің

мазмұнын толықтыруда, тәрбиелік бағыттағы сабақтар мен оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуде қолдануға болатындығымен сипатталады.

Үшінші бөлімде XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнін оқыту үдерісінде қолдану әдістемесі ұсынылған. Баспасөз материалдарын сабақ барысында пайдаланудың тиімді әдіс-тәсілдері жүйеленіп, «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері» атты таңдау курсының бағдарламасы әзірленген. Сонымен қатар ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтауға бағытталған эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижелері талданып, оларды оқу үдерісіне енгізу жолдары көрсетілген. Бөлімнің ғылыми маңызы – тарихи баспасөз деректерін Қазақстан тарихын оқыту әдістемесімен ұштастыра отырып, оларды оқу үдерісінде қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауында. Практикалық маңызы – әзірленген таңдау курсының бағдарламасы, әдістемелік ұсынымдар мен сабақта қолдануға арналған тапсырмалар білім беру ұйымдарының оқу үдерісінде пайдалануға бағытталған. Эксперименттік зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістеменің тиімділігін бағалауға және оны тәжірибеге енгізу мүмкіндіктерін негіздеуге жағдай жасайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту, тарихи сананы қалыптастыру және ұлттық құндылықтарға негізделген оқыту мәселелерімен тікелей байланысты. XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған білім беру мен ағарту мәселелері қазақ қоғамындағы ұлттық сананың оянуын, ағартушылық қозғалыстың дамуын, ұлттық мектеп жүйесінің қалыптасуын айқындайтын маңызды тарихи дерек көзі болып табылады. Сол кезеңдегі «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Алаш», «Шолпан» сияқты басылымдар халықты білімге, ғылымға, мәдениетке үндеген ұлттық ағартушылық идеялардың негізгі мінберіне айналды. Сондықтан аталған баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқыту барысында пайдалану – білім алушылардың тарихи ойлауын, дерекпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде маңызды ғылыми-әдістемелік мәселе болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы – XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдарының алғаш рет Қазақстан тарихы пәнінде оқытуға арналған арнайы тарихи-педагогикалық және әдістемелік зерттеу нысаны ретінде қарастырылуында. Зерттеу барысында ұлттық басылымдардағы білім беру және ағартушылық мәселелеріне арналған материалдар тақырыптық-идеялық тұрғыдан жүйеленіп, олардың тарихи-педагогикалық маңызы айқындалған. Сонымен қатар мерзімді баспасөздегі оқу-ағарту мәселелері сауатсыздықты жою, мұғалім даярлау, ана тіліндегі білім беру, оқулық шығару, жаңа әліпбиге көшу сияқты бағыттар бойынша сараланып, ғылыми тұрғыдан талданған. Түрлыбай Б.С. ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік үлгілерін ұсынып, тарихи деректерді оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдарын негіздеген.

Диссертациялық зерттеудің негізгі жетістігі – XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған білім беру мен ағарту мәселелерін тарихи-педагогикалық тұрғыдан кешенді зерделеп, олардың Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнымен сабақтастығын ғылыми-әдістемелік негізде айқындауында.

Зерттеу барысында ұлттық мерзімді баспасөз материалдарындағы оқу-ағарту мәселелерінің негізгі бағыттары жүйеленіп, қазақ қоғамындағы білім беру ісінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері тарихи деректер негізінде сараланған. «Қазақ», «Айқап», «Алаш», «Серке», «Бірлік туы», «Үш жүз», «Сарыарқа», «Ақ жол», «Шолпан», «Тіршілік» басылымдарында көтерілген мектеп ісі, сауаттылықты арттыру, мұғалім даярлау, оқулықтармен қамтамасыз ету және жәдидшілік ағартушылық идеяларының тарихи маңызы ашылған.

Зерттеудің маңызды ғылыми жетістіктерінің бірі – ұлттық мерзімді баспасөз материалдарының тарихи-педагогикалық және тәрбиелік әлеуетін айқындап, оларды қазіргі білім беру мазмұнымен байланыстыра қарастыруы. Осы бағытта баспасөз деректерінің білім алушылардың тарихи танымын, дерекпен жұмыс істеу, сыни ойлау және тарихи оқиғаларды өзара байланыстыра талдау дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктері негізделген.

Диссертациялық жұмыстың практикалық нәтижелері ретінде зерттеу тақырыбына сәйкес оқу-әдістемелік сайт әзірленіп, оның мазмұнына XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз материалдары, тарихи деректер мен оларды Қазақстан тарихы пәнінде қолдануға бағытталған оқу материалдары енгізілген. Сонымен қатар ұлттық баспасөз мұрасын білім беру үдерісінде пайдаланудың мазмұны мен әдістерін қамтитын оқу-әдістемелік нұсқау дайындалған. Зерттеу тақырыбы негізінде «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері» атты элективті курс әзірленіп, оның бағдарламалық мазмұны білім алушылардың тарихи деректерді талдау, салыстыру және сыни бағалау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Диссертациялық жұмыстың тағы бір елеулі жетістігі – ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік зерттеу арқылы тексеріп, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан талдауы. Эксперименттік жұмыс нәтижелері зерттеу тұжырымдарының тәжірибелік маңызын айқындауға және әзірленген әдістемені білім беру ұйымдарының оқу үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктерін негіздеуге жағдай жасаған.

Диссертациялық зерттеудің негізгі жетістіктері ұлттық мерзімді баспасөз мұрасын тарихи-педагогикалық зерттеу нысаны ретінде қарастырумен ғана шектелмей, оның мазмұндық және әдістемелік әлеуетін Қазақстан тарихын оқыту тәжірибесінде тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми және практикалық нәтижелердің алынуымен сипатталады.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары автордың ғылыми жарияланымдары мен конференцияларда жасаған баяндамаларында сыннан өтті. Диссертация тақырыбы бойынша 13 ғылыми мақала жарияланған, оның ішінде 7-і – ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым

саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда, 4-і шет елдік конференцияларда, 2- республикалық журналда жарияланған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс негізінде «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері» атты элективті курс, оқу-әдістемелік нұсқаулық және «Қазақстан тарихы» пәні бойынша «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру және ағарту мәселелері» атты ұлттық мерзімді баспасөздер негізіндегі анықтамалық ретінде көрсетілген электрондық оқу-әдістемелік сайт жасалды.

Қорыта келе, Тұрлыбай Бақыт Серікқызының «XX ғасыр басындағы ұлттық мерзімді баспасөз беттеріндегі білім беру мен ағарту мәселесі материалдарын Қазақстан тарихы пәнінде оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы тарих ғылымы мен педагогика салаларының тоғысындағы өзекті мәселеге арналған мазмұнды әрі аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен логикалық қорытындылары, алынған нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы зерттеудің ғылыми құндылығын айқындайды. Ұлттық мерзімді баспасөз материалдарын тарихи-педагогикалық тұрғыдан зерделеу және оларды Қазақстан тарихы пәнін оқыту үдерісінде қолданудың әдістемелік негіздерін әзірлеу зерттеудің маңызды нәтижесі болып саналады. Ұсынылған диссертациялық зерттеу «8D01605 – Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесшісі:
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі: **Кенжебаев Ғ.Қ.**